



Құрметті АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ түлектері!



Сіздерді білікті маман мәртебесін ресми түрде алуларыңызбен құттықтаймын. Университет қабырғасында алған білімдеріңізбен егемен еліміздің өркендеп дамуына елеулі үлес қосып, оқу ордасын жоғары дәрежеден көрсетулеріңізге тілектеспін.

Биыл білім ордасын 2019 бакалавр және 105 магистр бітірді. Осы түлектеріміз алғаш рет университеттің өзіндік үлгідегі дипломына ие болды. Университеттің беделі мен имиджі жұмысқа орналасуда үлкен рөл атқарады.

Болашақ жұмыс орындарыңызда жеткен жетістіктеріңіз бен табыстарыңыз - біздің мақтанышымыз, мәртебеміз. Сіздерге жарқын болашақ және сәттілік тілеймін. Абыройларыңыз асқақтай берсін! Ақ жол, жас түлектер!

Құрметпен, Басқарма төрағасы-ректор С.Идрисов



БІЛІКТІЛІКПЕН - БИІККЕ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Педагогтік қайта даярлау курстарының тыңдаушыларына сертификат тапсыру рәсімі өтті.




ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығына сәйкес педагогикалық білімі жоқ, алғаш рет тиісті бейін бойынша педагогтың кәсіби қызметіне кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін педагогикалық қайта даярлау қағидалары бекітілген болатын.

Осыған байланысты университетімізде алты білім бағдарламасы бойынша педагогикалық қайта даярлау курстары ұйымдастырылды. Таңдалым бойынша Шет тілі: екі шет тілі, Инженерлік профилді химия пәнінің мұғалімі, Биология пәнінің мұғалімі, География пәнінің мұғалімі, қосымша мамандандырумен географ-өлкетанушы, Бейнелеу өнері және көркем еңбек, Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағытында өткізілген курстар 2021 жылғы 18 қаңтар мен 18 маусым аралығында онлайн форматта ұйымдастырылды. Қатысқан

13 тыңдаушы оқу кезеңінде белгілі бір қызмет саласында нақты құзыреттердің қалыптасуын қамтамасыз ететін әртүрлі пәндерді оқыды. Құзыреттілік, қайта даярлау және мансапты жоспарлау кеңсесі жұмысының бір бағыты – педагогтік қайта даярлау курстарын ұйымдастыру, жоспарлау, өткізу.

Курс есебін қорытындылау мақсатында ұйымдастырылған шараны университетіміздің Басқарма төрағасы – ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы құттықтау сөзімен ашып, курс қатысушыларына сертификат табыстады.

Шара соңында жүрекжарды тілектерін білдірген Дүйсенова Мөлдір Шалқарқызы мен Бисембай Тілекші Серікқалиқызы барлық курсқа қатысушылар атынан университетке және Құзыреттілік, қайта даярлау және мансапты жоспарлау кеңсесінің ұжымына ризашылығын білдіріп, өркендеу мен өрлеу тіледі.



«ЖҮМЕКЕН» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында көрнекті ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Әнұран авторларының бірі – Жүмекен Нәжімеденовтің шығармашылығына арналған «Жүмекен» республикалық, әдеби-мәдени, танымдық журналының тұсаукесер рәсімі өтті.

Шараға арнайы шақырылған қонақтар қатарында Атырау облыстық, аудандық басқарма басшылары, өңірімізге танымал өлкетанушылар, ардагер журналистер, газет редакторлары, БАҚ өкілдері, кітапхана директорлары қатынасты.

Журналдың лентасын кесу құрметі композитор Илия Жақанов, Атырау облысы тілдерді дамыту басқармасының басшысы Әсия Қыстаубаева, ардагер журналист Өтепбергелі Әлімгереев, ақын Бақытгүл Бабашқа ұсынылды.

Салтанатты шара барысында «Болат-Медиа» мекемесінің басшысы, баспагер Болат Батыр профессор Жүсіп Қадыр Өтегенұлы мен композитор Илия Жақановқа Махамбет атындағы республикалық сыйлықты табыстады. Сонымен қатар, Басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлын және университетіміздің бірқатар профессор-оқытушылары мен қызметкерлеріне естелік сыйлықтар табыстап, Алғыс хатпен марапаттады.

«АТЫРАУ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ АБЫЗЫ» – ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАДА

Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, республикалық «Сарайшық» журналының бас редакторы Исатай Балмағамбетовтың «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспасынан құрастырған «Атырау журналистикасының абызы» кітабының тұсаукесері өтті.

Теңдік Жауыров атындағы атаулы аудиторияда өткен шараны модератор – Журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Мәншүк Тынышқалиқызы алғысөзбен бастап, рухани құндылығы мол ақпарат жиыны топтасқан жаңа кітаптың көпшілікке тигізер пайдасы зор екендігін айтып, авторға толағай табыс тіледі.



Кітапқа ұстаз-ғалым, баспасөз саласының шебер ұйымдастырушысы Теңдік Жауыровтың ұлағатты өмірі жайлы аға буын тәлімгерлерінің, әріптестерінің, шәкірттерінің, асыл жары мен ұрпағының сырлы естеліктері, арнау өлеңдері топтастырылған. Қалың көпшілікке арналған туындыда қаламгерлер арасындағы ұрпақтар сабақтастығы айқын бейнеленген.

Рухани шараға арнайы қонақ ретінде шақырылған Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, республикалық «Алтын аймақ» газетінің құрылтайшысы Төлеген Сақтағанұлы,



ардагер-журналист, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі Төлеген Жаңабайұлы, республикалық «Сарайшық» журналының Бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері Исатай Құндызбайұлы, журналист-ардагер Әбілхан Төлеуішев, ақын, филология ғылымдарының кандидаты, «Сарайшық» журналының бас редакторының орынбасары, журналист-публицист Гүлзада Рахметқызы, ҚР Журналистер Одағы Атырау филиалының төрайымы Алма Аманжанқызы, баспа редакторы Бағила Сағындыққызы өз пікірлерін білдіріп, мағыналы ғұмыр иесі Теңдік Жауыров туралы естеліктерден сыр шертті.

Шараның негізгі бөлімінде ғалымның ұлы Шоқан Жауыров пен Исатай Балмағамбетов кітаптың лентасын кесу рәсімін өткізді. Жаңа кітаптың бірқатарын университетіміздің Ғылыми кітапханасына табыс етті. Өнегесі мол, тағылымы зор шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды.




ЖАҢА ЖИНАҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қазақтың халық композиторы және дәулескер күйшісі Дина Нұрпейісованың қайталанбас дүлдүл шығармашылығы соңғы жылдарда күллі түркі өркениетінің шамшырағы ретінде әлемге кеңінен таралып, насихатталуда. Биылғы жылы Ұлттық Домбыра күні астанамыз Нұр-Сұлтан қаласында туғанына 160 жыл толып отырған Дина күйшіге зәулім ескерткіш орнатылмақ.

Бұл кітапта бұған дейін баспа бетін көрмеген архивтік деректер, Динаның күйшілік мектебі, жазылып алынған күйлері, әр жылдары шығарылған 20-ға жуық классикалық авторлық күйлерінің тарихи-музыкалық сипаттамасы беріліп отыр. Жинақ қазақ өркениетіне қызығушы, саз қадірін білер өнер сүйер қауымға арналған.

ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Университетімізде Түлектер қауымдастығының алғашқы отырысы өтіп, жұмыс бағыты мен қауымдастық алдындағы мақсат-міндеттер талқыланды.

Шара барысында түлектер қауымдастығының алғашқы бастама тобының отырысымен төрағасы болып сайланған университетіміздің түлегі философия ғылымдарының кандидаты Сағынгерей Болатқалиұлы қауымдастықтың Жарғысымен және мақсат,

міндеттерімен таныстырды. Сондай-ақ, Әмин Тұяқов, Асхат Сәлімұлы Иманғалиев, Қадыр Өтегенұлы Жүсіп, Нұрлыбек Жұмахметұлы Ожаев, Болат Бисенұлы Теміров, Ерлан Хисметұлы Табылдиев, Мейірім Жоламанұлы Қалауи, Абдулла Хамиұлы Идрисов танымал түлектер атынан пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салып, қауымдастық жұмысына сәттілік тіледі.

Алдағы уақытта Қауымдастықтың ресми сайты мен тіркелу ережесі де жарияланатын болады.

КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Астана күнін атап өтуге арналған іс-шаралар аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кітапханасы «Астана – Еуразия жүрегінде» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

Кітап көрмесінің басты мақсаты – оқырмандардың Елорда – Астана жайлы білімдерін шыңдап, оның қалыптасу тарихымен таныстыру, ой-өрістерін дамыту, дүниетанымын кеңейту, болашақ ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Оқырмандар назарына «Мәңгілік ел. Ғасырға бергісіз жылдар», «Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан», «Еуразия жүрегінде» т.б. кітаптар ұсынылды.



ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ – НҮРЗИЛА САРСЕНҚЫЗЫ

Ұстаз–ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Атырау қаласының құрметті азаматы Нүрзила Сарсенқызынан ойламаған жерден айырылып қалғанымызға міне 1 жыл өтті. Ұлағатты ұстаз символы, қамқоршы ана, аяулы ана, сүйікті жар, ақылшы әже туралы ойға оралым жасағым келді.



Абай атамыз «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақтылап береді.

«Ыстық қайрат» үнемі ізденіс үстінде, тек алға қарай ұмтылу, жасампаз болу, «нұрлы ақыл» – елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, ақылды тек игі-жақсылыққа жұмсау, ал «жылы жүрек» иманды, иман жүзді болу, адамдарды ерекше құрметтеу, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу, айналаға нұрыңды шашу дегенді білдірсе керек.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың еден бөлек» – деп дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толық адам екенін көрсетеді. Ұлы Абайдың арманындағы толық адам деп осы Нүрзила Сарсенқызын айтар едім.

Сонау 1984 жылы Гурьев педагогикалық институттың биология – химия мамандығын үздік аяқтап, қалалық білім беру мекемесіне жолдама алып, жастықтың албырт, алып – ұшқан, тауды қопаратындай күшіммен қалалық білім беру бөлімінің басшысы Ф.Е.Досымоваға келдім. Аққұба келген, әдемі апай орнынан тұрып қарсы алды. Үлкен мәдениеттілігімен, кішіпейілділігімен ерекше көңілімнен шықты. – «Қалада биология – химия пәнінен мұғалім керек екі мектеп бар: біреуі №15 Абай атындағы орта мектеп таза биология пәнінен 18 сағат, екіншісі №7 орта мектеп (Химпосёлок) химия және биология пәндерінен 24 сағат. Қайсысына барасың?» – деді. Болмысымнан қиын жолды таңдайтын мен, оның үстіне химиядан да, биологиядан да сабақ берем деп қуанып, ойланбастан 24 сағат, Химпосёлоктың №7 мектебіне барамын дедім.

Фаина Есеновна Досымова қолыма жолдама қағазымды ұстатып, ісіме сәттілік тілеп, бағасын беріп шығарып салды. Жолдама қағазымды алып №7 орта мектептің директоры Нұрғазинге келдім. Ол кісі кәдімгідей жүріс – тұрысы әскери, сөйлеген сөзі анық, Ұлы Отан соғысына қатысқан әскери адам екен. Менімен танысып, диплом бағаларын мұқият қарап шықты. Ол өзінің орынбасары Нүрзила Сарсенқызын шақырып, менімен таныстырды.

Қатал, артық сөйлемейтін, күлмейтін, тек жымып қана қоятын Н.Сарсенқызының болмысын ең бірінші көргенде салқындық сездім. Жүріс – тұрысы, бейнесі, сөйлеген сөзі, адамға қарауы бәрі бәрі нағыз мұғалім тұлғасын сомдап тұр.

Екеуімізде биология – химия пәнінің мұғалімдері болғандықтан ол маған тәлімгер (наставник) болып бекітілді, оның үстіне оқу ісінің орынбасары. Маған 7,9,10 сыныптардың химиясын, 9-10 сыныптардың биологиясын берді. Күн сайын сабақ жоспарын жазу, оны ертемен бекіту. Сабақта үнемі директор, оқу ісінің меңгерушісі, сынып жетекшілері қатысады. 1984-1985 оқу жылдарында проблемалық сабақ, панорамалық сабақ өткізу әдістерін таратып жатқан мезгіл, педагогикалық оқуларға қатысу, оқушыларды олимпиадаға дайындау. Сол жұмыстарды Н.Сарсенқызы қызу ұйымдастырып, басқарып, үйретеді. №7 мектеп қаладағы контингенті ауыр мектеп болып есептелетін. Тәртібі бұзық оқушылар көп болатын. Біздің сабағымызға оқу құралынсыз келетін балалар, Нүрзила апайдың сабағына оқу – құралдарын түгел әкеліп, сабақ айтып отыратын. Оның мұғаліммен, ата-анамен, оқушылармен қарым-қатынас жасауы, жалпы сөз саптауы бөлек, ерекше жан еді.

Мен еңбек жолымды ұстаздықтың қыр – сырын меңгерген, – мұғалімдіктің символы, болмысы бекзат, ақылынан парасат есілген, тамаша тұлға – Нүрзила Сарсенқызының ұстаханасынан шықтым деп қуана, мақтана айта аламын. Ол сан қырлы адам. Құдай берсе бір адамға үйіп – төгіп береді ғой, қазақтың қарапайым қызының бойында қаншама қасиет сыйғанына қайран қалып, тағдырдың жолында осындай адаммен кездесіп, тәлім алғаныңа көкіреңді қуанып, көңілің толқып, ризашылық сезіміне бөленесің. Сол №7 орта мектепте Нүрзила апайымыз 18 жыл табан аудармастан мұғалімдіктен – мектеп директор лауазымын атқарған екен.

Сарсенова Нүрзила Сарсенқызы 1947 жылы Гурьев облысы, Бақсай ауданы, Жаңа күш ауыл советінде дүниеге келді. 1953-1963 жылдары Фурманов атындағы орта мектебінде оқып, 1965-1970 жылдар аралығында Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының

химия-биология факультетін бітірді. 1970 жылдан бастап Атырау қалалық №7 Мұхтар Әуезов атындағы мектепте химия, биология пәні мұғалімі, тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1998-2012 жылдар аралығында Атырау облыстық кадрлар біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын институтының директоры, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты директорының міндетін атқарушы, 2012 жылы институттың доценті қызметтерінде болды. 2014 жылдан бастап институттың «Тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру» кафедрасының меңгерушісі.

2006 жылы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын республикалық институтының доценті, 2009 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты, 2011 жылы Халықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі, 2012 жылы «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының академиялық профессоры ғылыми атақтары берілді.

Еңбек еткен жылдарында «Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин», «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төс белгілерімен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтының, облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың, облыстық білім беру департаментінің, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының Құрмет грамоталарымен, Атырау облысы Білім беру басқармасының «Үздік басшы» номинациясымен, Атырау облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, «Атырау қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Мұғалімдердің І съезіне, ТМД елдерімен біріккен математика пәні мұғалімдерінің І съезіне, Республикалық химия пәні мұғалімдері съезіне делегат ретінде қатысып, Елбасының Үздік ұстаздардың қабылдауында болды. Бірнеше оқу-әдістемелік құралдар дайындап, халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференцияларда, семинарларда, форумдарда, парламент мәжілісінде баяндама жасады.

Өмірінің соңғы кезінде менің электрондық жәшігіме жаңа білім беретін орта мектеп проблемалары:

- мектептің материалды-техникалық базасы әлі толыққанды емес
- мектепте химия, физика пәндерінен лабораториялық, практикалық жұмыстарға қажетті реактив приборлар әлі күнге дейін жеткіліксіз
- үш аусымда оқитын мектептер бар
- оқушыларды қашықтан тасымалдайтын мектептер бар
- орыс сыныбына дәріс беретін мұғалім жетіспейді, әсіресе бастауып сыныптарға дәріс беретін мұғалімдер жетіспейді
- тәрбие жұмысына толыққанды мән берілмей жатыр
- мектеп жасындағы қыздардың жүкті болып қалуы жиі кездесетін болды
- балаларының сабақтарына қарамайтын, қарауға мүмкіндіктері келмейтін ата-аналар бар
- мүмкіндігі шектеулі балалармен толыққанды жұмыс жүргізетін маман кадрлар әлі жеткіліксіз
- интернет желісімен толыққанды қамтылмаған, ағыс елді мекендегі мектептер бар
- Мектеп пен университет арасындағы байланыс:
 - студенттерді 1 курстан бастап мектептерге тәжірибеге жіберіп, мектеп мұғалімдеріне еңбекақы төленсе, нәтиже болады.
 - дуалды оқытуды жандандыру
 - университет педагогтары мектеп мұғалімдерінің сабақтарына қатысу кестесін жасау
 - мектеп мұғалімдеріне педагогикалық, әдістемелік ақыл – кеңестерімен көмек беру
 - оқушыларды ғылыми жұмыс жасауда жетекшілік ету, пән олимпиадасына дайындау
 - мектеп түлектерін педагогикалық

мамандықты таңдау жасау мақсатында кездесулерді жүйелі ұйымдастыру

- семинар – конференцияларды мектеп қабырғасында және университет базасында өткізу

- мектептің тәжірибелі практик мұғалімдерін тәжірибе алмасуға тарту

- мектеп практикасынан кейінгі кері байланысты жүйелі жүргізу

туралы өз ойларын жазған.

Ғалым-ұстаздың күні бүгінге дейін келелі педагогикалық ой – пікірлері мен құнды ұсыныстары әріптестері тарапынан қолдау тауып, білім беру мекемелерінде кеңінен қолданылууда.

Ғалымның 1 монографиясы, 1 оқу – құралы, 10 әдістемелік құрал, 2 көмекші құрал, 70-тен аса халықаралық және республикалық конференцияларға жазған мақалалары мен баяндамалары жарық көрді. Соның ішінде өмірінің соңында Нүрзила Сарсенқызының кәсіби педагогикалық оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, докторанттарға, мұғалімдерге – «Педагогикалық шеберлік» пәнін оқуға және оқытуға арналған қажетті «Педагогикалық әдеп – ұстаздың тәлімгерлік мәдениеті» атты оқу құралы университетіміздің Ғылыми Кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылды. Оқу құралы болашақ ұстаздарды даярлаудың адамгершілік, ізгіліктік астарларын қарастыратын теориялық және тәжірибелік материалдардан тұрады. Педагогикалық әдептің даму кезеңдері алғы шарттары, категориялары, қызметтері сипатталып, педагогтың тәлімгерлік мәдениетінің практикалық көріністері келтіріледі.

Ол – қарапайым мектеп мұғалімділігінен бастап, барлық сатыдан өту жолында дамылсыз еңбектеніп, бірнеше биік белестер мен шыңдарды бағындырды. Біз білетін Нүрзила Сарсенқызы бар мүмкіндігін танытып, қызмет еткен орны: білім беру жүйесіндегі мектеп мұғалімі, оның басшылығы – қанатын қатайтқан алтын ұясы болса, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты – шыңдалу мектебі болып, Х.Досмұхамедов атындағы университет – ғылымдылығы мен іскерлігін толық көрсеткен төрі болды.

Мен мектептен 1988 жылдары ғылымға қызығушылық танытып университетке ауысып кеттім.

2008-2010 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 14.61.02 диссертациялық кеңес жұмыс жасап, Батыс өңіріне ғылыми педагогикалық кадрлар дайындауда ерен еңбек етті. Сол Кеңесте п.ғ.д., профессор А.С.Иманғалиевтің жетекшілігімен Н.Сарсенқызы өзінің «Оқу – тәрбие үдерісін оқушылардың жеке қабілеттеріне қарай ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында кандидаттық диссертациялық жұмысын сәтті қорғап шықты. Мен сол кеңесте ғалым хатшы жұмысын атқардым. Маған «Шолпан айналайын, кезінде мен саған ұстаз болсам, енді сен маған ғылым жолында ұстазсың» – деп арқамнан қақты. Қашанда Нүрзила апай ұлықтығын көрсетпей, үнемі кішілігін танытатын, тектілігін үлгі етіп жүретін абзал жан еді. Халел Досмұхамедовтың Торғай деген апасы – Нүрзила апайдың туған әжесі болатын.

Атырау облыстық кадрлар біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын институттың директоры қызметін атқара жүріп, университеттен қол үзген жоқ. Мемлекеттік емтихан төрайымы ретінде жиі шақыртылды. Батыс өңірінде мұғалім кадрларын дайындауда елеулі еңбек сіңірді.

2018 жылы Нүрзила Сарсенқызымен кездейсоқ кездесіп қалдым, хал – жағдай сұрасып – Апай бұрынғыша біліктілікті көтеру институтында жұмыста жүріп жа-

тырсыз ба? – дегенімде, менің ол жерге керемет болмай қалғасын жұмыста емеспін деп көңілсіз жауап берді. Ұстазымның әлі де педагогикалық әлеуеті жеткілікті, жастарға берері мол нағыз ұстаз екені белгілі ғой. – Ой, Нүрзила Сарсенқызы, Сіз бізге керексіз, болашақ мұғалім дайындап жатқан университетке сіздің тәжірибеңіз керек деп, біздің кафедраға жұмысқа келіңіз деп шақырдым. Бұл ұсынысымды университет басшылығы да құба-құп қабылдап, апайымыз кафедрамызға жұмысқа келді. Магистратураға, бакалавриатқа сабақ беріп, ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасады. «Мұғалімдік мамандыққа кіріспе», «Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру», «Коррекциялық педагогика», «Кәсіби шеберлік», «Педагогтың имиджісі» пәндерінен дәріс оқып, білім алушыларды өзіне тәнті етті. Апайдың дәлде бір жүріп өткені, жастарға нығыздап сөйлеп жолдау айтқаны, киім киісі, сөйлеу дикциясы, мәдениеті, этикасы болашақ мамандардың жүрегін селт еткізіп, мамандыққа деген сүйіспеншіліктерін туғызып тұратын.

Бойында тұнған талант, жан дүниесі мөлдір таза, шындық жаршысы, сөзі де, өзі де үлгі әрі әсем, терең білімді, біздерге жанашыр «ана – туыс – дос» бола білді, басымызға қиындық түссе қасымызда ақылшы, басу айтушы болып, мейірімін төгіп, бізді құрметтеді.

Нүрзила Сарсенқызы ғылымға, білімге құштарлығы жоғары, өте еңбекқор ардақты ұстаз, адал дос, ақылды жар, аяулы ана, сүйікті әже. Осы мақалаға көңіл бөлген оқырман Нүрзила апайды отбасында қандай жан деп ойлап қалуы мүмкін. Оған да бірер мысал келтіріп кетейін. Бірде ұстазыма құрмет көрсетейін деп, 2007 жылы жылдары жолдасыммен көрсуге бардық. Барсақ, Жолдас аға екеуі бізді отырғызатын жер таба алмай, безек қағып асты-үстімізге түсті. Әп-сәтте дастарханды жайнатып жіберді. Апайымыз әдемілеп, бабымен пісірілген етті алдымызға әкеліп қойды. Дастарханның тағамдарының бәрі өте дәмді. Аса ұқыптылықпен, махаббатпен пісірілген. Мен Нүрзила Сарсенқызының тағы бір қыры әйел, нағыз әйел ретінде, үйін ұйытып отырған жар ретінде таныдым. Жолдасыммен қарым-қатынасы өте сыйауы. Апай: «Жөке, Жөке» деп асты-үстіне түседі. Ғажап сыйластық. Бір-біріне құрмет. Әңгімелері ұлы – келін, немерелері, туысқандары туралы болды. Нүрзила апай қызметінде ұстаздардың ұстазы болса, туысқандар арасында ұлды ұяға, қызды қияға қондырған балаларының Ақ мамасы екен.

Марқұм әңгімесін «Айналайын» – деп бастайтын. – Шолпан айналайын, саған тек аман болшы деп айтамын, – деуші еді.

Жаратушы апамызға ақыл да, көрік те, тектілік те, мінез де бәрін де берген. Осыншама жүкті арқалау Нүрзила Сарсенқызына оңай болмауы мүмкін, оған күш, қайрат, жігер, қуат керек. Алла оған оны да берген. Бірақ Н.Сарсенқызының өмір жасы ұзақ болмады. Бір адамның бойында соншалықты қасиеттің сыйуы, Алланың сыйы болуы керек. Осындай ұстаздың символы – Нүрзила Сарсенқызының менің тағдырымда болуы, кездейсоқтық емес шығар деп ойладым.

Нүрзила апайымыздың кафедрамыздағы орны ерекше еді. Оның ыстық қайратынан өмірге деген құлшыны пен еңбек, нұрлы ақылымен істеген ізгілікті, игі жақсылығы, жылы жүрегінен шыққан «сіздердің көлеңкелерінен самал есіп тұрады» деген ғажайып сөздері біздерге – әріптестеріне айбат қуат беріп, ішкі дүниелерін қозғап тұратын. Нүрзила апайымызды үлкен сағынышпен, құрметпен, қимастық сезіммен үнемі еске алып отырамыз.

Өмірден өткен адамдар аспандағы жұлдыздарға айналады дейді. Кейде мен аспанда жарқырап тұрған жұлдызды көрсем, Нүрзила ұстазымның жұлдызы болар деп оған ыстық сағынышыммен, ризашылық сезіміммен, үлкен алғысыммен ұзақ қараймын.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, ұлағатты ұстазым менің! Біз Сізді мәңгілік жадымызда сақтаймыз, ісіңізді жалғастырамыз.

**Шолпан ДЖАНЗАҚОВА,
«Педагогика» кафедрасының
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор**



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қабырғасында экономистерді дайындау Экономика факультетінде 1995 жылдың қыркүйек айынан басталды. Экономика және құқық факультетінің миссиясы – стратегиялық жоспарға сәйкес бәсекеге қабілетті сапалы білімді кадрларды даярлауды қамтамасыз ету.

ФАКУЛЬТЕТ БОЙЫНША 9 БАКАЛАВРИАТ ЖӘНЕ 7 МАГИСТРАТУРА БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША МАМАНДАР ДАЯРЛАНАДЫ:

Бакалавриат:

- 6В04101 – Экономика
- 6В04102 – Саладағы менеджмент
- 6В04103 – Экономика және мемлекеттік басқару
- 6В04104 – Бизнес процестерінің есебі, аудиті және талдауы
- 6В04105 – Қаржы және аналитика
- 6В04106 – Маркетинг
- 6В04201 – Құқықтану
- 6В04202 – Құқық қорғау қызметі
- 6В04203 – Халықаралық құқық

Магистратура:

- 1) ғылыми – педагогикалық бағыт бойынша:
 - 7М04101 – Экономика мен басқарудағы бизнес-аналитика
 - 7М04104 – Бухгалтерлік есеп, аудит және контроллинг
 - 7М04105 – Қаржылық экономика
 - 7М04201 – Құқықтану
- 2) бейіндік бағыт бойынша:
 - 7М04102 – Бизнес экономикасы
 - 7М04104 – Бухгалтерлік есеп, аудит және контроллинг
 - 7М04201 – Құқықтану

ФАКУЛЬТЕТТЕ 5 КАФЕДРА ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ:

Экономика кафедрасы
 Қаржы және есеп кафедрасы
 Менеджмент кафедрасы
 Азаматтық – құқықтық пәндер кафедрасы
 Қылмыстық – құқықтық пәндер кафедрасы

Ғылыми – зерттеу жұмыстарының жүйелі жүргізілуі негізінде Экономика және құқық факультетінде Қазақстанның ірі жоғары оқу орындарын, атап айтқанда, Нархоз университетін, Эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін әр жылдары бітірген түлектер қызмет етеді. Көптеген оқытушылар елдің жетекші жоғары оқу орындарының магистратураларын, докторантураларын тәмамдаған немесе әлі де оқуын жалғастыруда. Сонымен бірге жақын шетелдердегі университеттермен, атап айтқанда Қалмақ мемлекеттік университетімен, Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен, Астрахань мемлекеттік университетімен, Астрахань техникалық университетімен қарым-қатынас орнатқан.

Қазіргі таңда Экономика және құқық факультетінде студенттер контингенті 2300-ден астам білім алушылар қатарын құрайды, оның ішінде күндізгі оқу бөлімі бойынша 1400 студент, кешкі оқыту бөлімі бойынша 1000 студентке жуық білім алады.

СТУДЕНТТІК ҮЙІРМЕЛЕР ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ:

1. «Сарапшы» жас экономистер ғылыми зерттеу үйірмесі;
2. «Қайсар тергеушілер» студенттер үйірмесі;
3. «Қаржыгер-аналитик» жас қаржыгерлер ғылыми – зерттеу үйірмесі;
4. «Есепші» есеп және аудит саласындағы ғылыми мәселелер бойынша студенттер үйірмесі



ФАКУЛЬТЕТ КАФЕДРАЛАРЫ БОЙЫНША 5 БАҒЫТТА ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП ҚҰРЫЛҒАН:

1. «Экологиялық-экономикалық жүйені реттеудің экономикалық әдістерін зерттеу» ғылыми мектебі
2. «Ұйымдарды басқару теориясы мен практикасының қазіргі мәселелері» ғылыми мектебі
3. «Әлеуметтік қолдау және кәсіпкерлік механизмдер теориясы, еңбек нарығын зерттеу» ғылыми мектебі
4. «Экологиялық-экономикалық жүйені реттеудің экономикалық әдістерін зерттеу» ғылыми мектебі
5. «Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс заңнамасын жетілдіру» ғылыми мектебі
6. «Құқық сабақтастығы» ғылыми мектебі

ФАКУЛЬТЕТ БЕЛСЕНДІЛЕРІ

Ару Үбенова –

«Ғылым шарайнасы» атты XIII Республикалық колледж және ЖОО студенттерінің ғылыми – зерттеу жұмыстарының сайысында I орын иегері



Аида Хайруллина –

Алматы қаласында Муай-Тайдан ересектер арасында Қазақстан Республикасының Кубогінің жеңімпазы, ТМД Кубогіне жолдама алып, Қазақстан Республикасының ересектер арасындағы Муай-Тай бойынша құрама командасының қатарына енді

Ләззат Қалмырза –

республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиада жеңімпазы, оқу озаты



Екатерина Широניה –

республикалық жарыстар мен олимпиада жеңімпазы, үздік студент

Нұрасыл Тохтаров –

жеңіл атлетикадан студенттер арасындағы ашық турнирдің жеңімпазы



Есмұрат Марат, Асұхан Назымбеков –

Халықаралық «XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ: ҮЗДІК СТУДЕНТ» байқауының жеңімпаздары, университетіміздің белсенді студенттері



1950 жылы 14 маусымда Гурьев облыстық атқару комитеті СССР Министрлер Кеңесі мен Қазақ ССР-ы Министрлер Кеңесінің қаулысы негізінде «Гурьев қаласында мұғалімдер институтын ашу туралы» шешімі негізінде оқу орны ашылды. Гурьев Мұғалімдер институтында филология және физика-математика бөлімшелері жұмыс істеді. 1955 жылы физика-математика бөлімшесі факультет болып құрылды.

«Физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультетінде күндізгі, күндізгі-қашықтықтан және кешкі, сырттай оқу нысандары бойынша барлығы 695 студент білім алады. 1111 студент мемлекеттік білім грантын, 1111 студент Республикалық білім грантын, 111 студент Әкім грантын иеленді.

ФАКУЛЬТЕТ БЕЛСЕНДІЛЕРІ



Әбіләкім Әміре - робототехникадан халықаралық олимпиадалар жеңімпазы, «Smart house» жобасын жасақтаушы, робототехника клубының жетекшісі

Қадыржан Сапаров - «Саналы ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалық кеңсесінің жетекшісі, Физика пәні бойынша өткізілген олимпиадалардың жүлдегері, «Үздік блогер» аталымының жеңімпазы



Ерқанат Жұмбаев - «Мен жастарға сенемін» атты VII республикалық жастар форумының III орын иегері, ҚР тұңғыш президенті күніне орай «БІР ЕЛ, БІР ТАҒДЫР» атты эссе байқауының III орын иегері, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты облыстық Абай оқуларының I орын иегері, ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған «Тәуелсіз елдің ертеңі» атты эссе байқауының I орын иегері



Жансая Дәрібай - "Жаратылыстану және физика-математикалық бағыты" бойынша, "Халықаралық ғылыми зерттеу жұмыстары мен жобалар" атты байқауында "Физика пәнінен зертханалық жұмыстарды компьютерде модельдеу" тақырыбында жазған ғылыми зерттеу жобасының I дәрежелі диплом иегері



Эльдар Құрмашев - «Atyrau University», «KazMessage», «Invideo.kz» және тағы да басқа мобильді қосымшалардың авторы, Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жөніндегі ұлттық орталықтың атқарушы директордың көмекшісі, ректор грантының иегері



ФАКУЛЬТЕТТІҢ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- 6B01501 Математика пәнінің мұғалімі
- 6B01508 Математика және физика пәнінің мұғалімі
- 6B01502 Физика пәнінің мұғалімі
- 6B01509 Физика, информатика пәнінің мұғалімі және физик зерттеуші
- 6B01503 Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- 6B05302 Физик зерттеуші
- 6B05401 Қолданбалы математикалық модельдеу
- 6B06101 Дизайндағы қолданбалы информатика
- 6B06102 Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару
- 6B06103 Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу

Факультетте 4 кафедра жұмыс жасайды:
 Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасы
 Физика және техникалық пәндер кафедрасы
 Информатика кафедрасы
 Бағдарламалық инженерия кафедрасы



2020-2021 оқу жылында факультет студенттерінен құрылған «Champions», «Lovonter», «Жас IT» үйірме топтары ашылды. «Lovonter» тобы волонтерлік жұмыс жүргізеді. Бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін танытатын, әлеуметтік жауапкершілікке, патриотизмге, көшбасшылық қасиеттерге, студенттерді өзара бірлікке және қолдауға тәрбиелейтін кең ауқымды қызмет түрі. «Champions» шахмат үйірмесі студенттердің ойлау қабілетін дамытуға, алғашқы баспалдақтарын көрсетуге, кеңістікке бағдарлай алу қабілетін дамытуға, ойлаудың аналитикалық-синтетикалық жолдарын, ой тұжырымдарын жасауға, есте сақтауға, қорытынды жасай алу қабілетін, іс-әрекетін болжауды дамытуға көмектеседі. «Жас IT» үйірмесінің мақсаты - робототехника құрал-жабдықтар көмегімен пайдалы дағдылар мен ғылыми-техникалық бағыттағы креативті шығармашылық ойлауды, сонымен қатар стандартты шешімдерді табу үшін ынталандыру және мотивациялық потенциалды жеке тұлғаны қалыптастыру.





Факультет өз тарихын 1950 жылы құрылған мұғалімдер институтынан бастайды. 1963 жылы «Жалпы биология» бөлімі физика-математика факультетінде болып, бұл бөлімді аға оқытушы И.Ищанов басқарды. 1964 жылы осы мамандыққа 50 абитуриент қабылданып, «Жалпы биология» бөлімі екі кафедраға бөлінді.

ФАКУЛЬТЕТ БОЙЫНША БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

Бакалавриат:

5B060700 – Биология, 6B05101–Биология және ауылшаруашылығы;
5B011300 – Биология, 6B01505–Биология (білім беру);
5B080400 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау,
6B08401 – Балық шаруашылығы және ихтиология;
5B060800 – Экология, 6B05201–Қолданбалы экология;
5B011600 – География, 6B01506 – География (білім беру);
5B072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы (ҚОТ);
6B07101 – Көмірсутектердің химиялық технологиясы;
5B060600 – Химия, 6B05301–Химиялық талдау және сараптама;
5B012500 – Химия-Биология, 6B01507–Химия және биология (білім беру);
5B090200 – Туризм, 6B1101– Туризм және сервис;
5B012900 – География –Тарих, 6B01510–География және тарих (білім беру);
5B011200 – Химия (білім беру);
6B01504 – Иженерлік профиль бойынша химия (білім беру);

Магистратура:

7M05101 – Биология микробиология негіздері;
7M05201 – Қолданбалы экология;
7M05301 – Химиялық талдау және мұнай химиялық синтез;



Мақсаты:

- Инновациялық және ақпараттық технологиялар негізінде білім берудің сапасын арттыру, ғылымға маманданған кадрларды дайындау, білім алушылардың жағдайын жақсарту және білім беру аренасында алдыңғы қатардан орын алу, жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгерген мамандар даярлау.
- Алдағы 3 жылда барлық сала бойынша (білім беруде, ғылымда, тәрбиеде және кәсіби мамандар даярлауда) университетіміздегі №1 факультет деңгейіне жеткізу.
- Алдағы 5 жылда еліміздегі ЖОО арасында жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары бағыты бойынша БББ-да жоғары сапалы мамандар дайындауда үздіктер қатарынан көріну.

Міндеттері:

- Кадрлық әлеуетті жоғарылату
- Әлемдік деңгейдегі еңбекке, бәсекеге қабілетті, жоғары маманданған мамандарды дайындау
- Тиімділік имиджін қалыптастыру



ФАКУЛЬТЕТ 4 КАФЕДРАДАН ТҰРАДЫ:

Экология кафедрасы
Химия және химиялық технологиялар кафедрасы
Биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасы
География, туризм және су ресурстары кафедрасы

ФАКУЛЬТЕТ БЕЛСЕНДІЛЕРІ

Алу Серікқызы –
үздік студент, факультет белсендісі,
Халықаралық “Тенгри химик”
олимпиадасының жүлдегері



Айна Айыпова, Нұрзат Асылханов –
Республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздары



Бегімана Қарарова –
жас ғалым, «Каспий теңізінің
биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбы
аясындағы халықаралық ғылыми кон-
курстар жеңімпазы

Құндыз Төлеп
– Жылдың үздік студенті, үздік
пікірсайысшы



Аружан Сағындықова –
Махамбет Өтемісұлы атындағы
Атырау облыстық драма театры
әртісі, жас блогер



**Шұға Ізбасарқызы,
Сара Қайратқызы**–
дзюдо күресінен
Қазақстан
Республикасының
жеңімпаздары



Ермек Амангелді –
Қазақстан Республикасы XI
жазғы универсиадасының
жеңімпазы, Қазақстан
Республикасының
чемпионатының жеңімпазы

БҮГІНГІ ТҮЛЕК - ЕРТЕҢГІ МАМАН



Дания ЕСЕНҚАЛИЕВА,
Журналистика мамандығының түлегі

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ

Мектеп бітірген соң, жоғары оқу орнына түсіп, үздік маман атанып, диплом алу – әр талапкердің алаулаған арманы, үкілеген үміті. Биылғы жылғы бітіру салтанаты – 2021 жылғы бітіруші түлектердің көптен күткен мерейлі шағы. Бізге артылған ендігі үміт – университет қабырғасында алған білімдеріміз бен егемен еліміздің өркендеп дамуына елеулі үлес қосып, жоғарғы дәрежеден көрінуге талпыну. Ендеше бітіруші түлектерге айтылар тілек те, артылар сенім де, қойылар талап та жетерлік.

Білім ордасы қашан да екінші үйіңе айналары хақ. Алдымен осында өткізген қызықты кештеріміз үшін, білімнен қатар алған өмірлік сабақтарымыз үшін, ұстаздардың қамқорлықтары, қолдаулары үшін, ең бақытты сәттеріміз үшін, студенттік кездегі танысқан достарымыз үшін алғыс айтамын.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің түлегі атану – үлкен абырой. Тамыры тереңге бойлаған, бай тарихымен, өзінің игі істерімен, толағай табыстарымен, білімді де білікті мамандарымен, еліміздің әр түкпірінде жұмыс жасап жатқан танымал түлектерімен белгілі болған оқу ордасы шексіз мүмкіндік сыйлайды.

Бүгінгі түлек – ертеңгі маман. Осы қасиетті қара шаңырақ астында 4 жыл білім нәрімен сусындатып, ұлттық тәрбиенің мөлдір бұлағына, ел болашағы үшін аянбай еңбек етуге құлшынып, жігері мен күш-қайраттарын бойына жинаған ұстаздарым барлық түлектерге ақ жол, сәт сапар тіледі. Бұл бізді қанаттандырды.

Құрметті талапкерлер, еліміздегі болып жатқан оқиғалар сағыңызды сындырмай, таңдаған мамандығыңыз бойынша болашақта білікті маман иесі болып, университетіміздің танымал түлегі атануларыңызға тілектеспін.



Райыс ЖҰМАБАЕВ,
Тарих мамандығының түлегі

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ!

Тарих мамандығына деген құштарлығым мені мектеп

қабырғасынан бері жетеледі. Тарихқа деген ықылас-ниетімнің арқасында ұлттық бірыңғай тестілеуді ойдағыдай тапсырып, мемлекеттік грант негізінде толықтай тегін білім алу мәртебесіне қол жеткіздім.

Ең алғаш оқу орнына келгенімде бойымда қуанышпен қатар үрей де болды. Себебі, мектеп қабырғасынан келген кешегі оқушы бүгін студент атанып, мемлекетімізге еңбегі сіңген көптеген ұлы тұлғаларды тәрбиелеген, білімнің қара шаңырағы атанған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің табалдырығын алғаш аттаған болатымын. Университет тарапынан шалғай ауданнан келген студент екендігім ескеріліп, жатақханамен қамтамасыз етіп, толықтай қолдау көрсетілді. Сонымен қатар, өзімнің бойымда бұрын ашылмаған жаңа қырларым толықтай ашылды. Білікті ұстаздарымның арқасында білімге деген құштарлығым күн санап арта түсті. Оқу орнындағы құрдас, жора-жолдастарымның арасынан жаны мен көзқарастары жақын нағыз достарды таба білдім. Осынау төрт жыл, міне енді көзді ашып жұмғанша өтешікті. Бүгінде ұстаздарымның маған білдірген сенімдерін ақтап, үздік қызыл диплом иегері атандым. Оқытушы-ұстаздар мен профессорлар қауымына және университет әкімшілігіне алғысым шексіз.

Биылғы талапкерлерге мамандықтарын жақсы меңгеріп, сонымен қатар студенттік өмірлерін қызықты өткізу үшін қоғамдық шараларға белсене араласып, жан-жақты қырларынан танылуларына сәттілік тілеймін. Қара шаңырағымыз – университетіміз одан әрі дамып, өркендей берсін!



Айгерім БАЙҚАЛИЕВА,
Физика мамандығының түлегі

ГҮЛДЕНЕ БЕР, БІЛІМ ОРДАСЫ!

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар қалан» дегендей, өз болашағыңды әдемі құрастыру өз қолыңда. Егер олай болмағанда, студенттік өмірім дәл осылай әдемі өтер ме еді? Жанашыр группаластарымды, ақ көңіл достарымды жолықтырар ма едім? Әр аралық бақылауда, әр емтиханда, әр зертханалық жұмыстарда, берілген тапсырманы орындап үлгермей ұйқысыз өткізген түндер, әр түрлі шаралар, әр өткен практика, әр сабақ берген мұғалім, айта берсе қимайтын нәрсе көп қой...

Қиялымыды қанатыма байлап, арман арқалаған студенттік өмірім көзді ашып-жұмғанша өтіп шыға келді. Жалпы университет ұжымы мен өзім оқыған физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің, физика және техникалық пәндер кафедрасының ұстаздар ұжымына көп рахмет! Соның ішінде бізге куратор болған, әрқашан қолдау көрсетіп, демеу беріп, жасытпай, жасқандырмай, болашақ ұстаз ретінде жауапкершілігін әуелден сезінген және өзінің студенттеріне түсіндірген Баян Олжағалиқызына ерекше алғысымды білдіргім келеді. Оқы, оқы және оқы деуден шаршамаған, өзі ізденуден, өзгеге үйретуден талмаған Бақытгүл Толыбекқызына ризамын. Физика-404 тобының бітіруші түлектеріне жарқын естеліктер сыйлағаны үшін рахмет айтамын. Болашақта білікті маман, ұлағатты ұстаз болатындығымызға сенемін. Қазақтың өсуі-өркендеуі деп еңбектенген абзал тұлға Халел атамыздың есімі берілген университет Қазақстанның болашағына, дамуына, мемлекетті нығайтуға үлес қосатын

түлектер дайындай беруде толағай табыстар тілеймін. Түлектеріңіз көп болсын! Биіктей бер, сүйікті білім ордасы!



Жаннұр НҰРҚАБЫЛОВА,
Педагогикалық ғылымдар Магистрі

ҰСТАЗДАРЫМА МЫҢ АЛҒЫС

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне оқып, осы университеттің түлегі атану – жарқын болашаққа деген нық қадамның бастауы.

Мықты маман болу жолындағы кәсіби бағыттың темірқазығы болғаны үшін оқу ордама мың алғыс айтамын.

Құрметті ұстаздар! Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін.



Жанат АБДИҚАЙМОВА,
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының түлегі

АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ – МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Студент атандырған 4 жыл лезде өтті де шықты. Жаңа өмірге нық қадаммен аяқ басқалы отырмыз. Ең бастысы – болашаққа деген сенім.

Осы ретте университетіміздің Басқарма төрағасы-ректоры Саламат Нұрмұханұлына, Инновациялық білім беру факультетінің деканы Ақмарал Өтепбергенқызына және кафедра меңгерушісі Айгүл Мәдениетқызына, кафедра ұстаздарына алғысым шексіз. Берекелі жұмыстарыңызға мол табыстар тілеймін. Шәкірттеріңіз сіздерді әрқашан қуанта берсін.

4 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жеттім. Студенттік өмірім текке кеткен жоқ, оқуыммен қатар қосымша спортты да алып жүрдім. Қолдау білдіріп, бағыт бағдар берген Ләйлә Ерболатқызына, Бибінуір Бүркітқызына, Жадыра Қадырбекқызына ризамын.

Ғылыми мақалам халықаралық кітапқа шығуына және “Үздік студент” атануыма көмектесіп, жетекшілік еткен Нұрғұл Бақбергенқызына шексіз ризашылығымды білдіремін. Кураторым Гүлназит Ермекқызына деген ықыласым

ерекше. Мақтан тұтатын шәкірттеріңіз көбейе берсін.

Осындай тұлға болып қалыптасуыма бағыт-бағдар сыйлап, жол көрсеткен барша ұстаздарыма, достарыма, группаластарыма шын жүректен шексіз бақыт тілеймін.



Гүлдана ТАЙБРОВА,
Құқықтану мамандығының түлегі

ҮМІТ АҚТАЛҒАН КҮН

Индер ауданы, Бөдене орта мектебін бітірген жас түлек ретінде білімді одан әрі жалғастыру үшін жоғары оқу орындары туралы ақпараттарды қарастыра бастадым. Осылайша таңдау өзімнің туған өлкемдегі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне түсті. Бұл оқу орнындағы мүмкіндіктер мен үшін өте ыңғайлы әрі сапалы болып көрінді. Университетіміздегі оқытушы-профессор құрамының берген білімі мен бойымызға дарытқан ақыл-өнеге, көрсеткен бағыт-бағдарының арқасында көптеген жетістіктерге жеттім. Білім ордасында студенттерге қолайлы жағдай жасалған.

«Білім аламын, биікке ұмтылып, жетістікке жетемін» деген әр студентке қолдау көрсетіледі. Осы тұста дипломдық жұмыс жасу барысында өзінің білгенімен бөлісіп, көмегін аямаған ғылыми жетекшім, p.h.D доктор Ренат Нұрлыбекұлына ерекше алғыс білдіргім келеді. Сонымен қатар, Саламат Нұрмұханұлы басқарып отырған университет ұжымына зор алғыс.

Адамзат баласының өміріндегі ең маңызды таңдау барысында атаулы оқу орны мен осы мамандықты таңдағаным үлкен жетістігім деп білемін. Қазіргі таңда оқу орнында жинақтаған теориялық білімді кәсіби қызмет барысында практикамен ұштастыра отырып, еліме адал қызмет көрсетуді мақсат етіп қойдым. Сіз де Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен білім алуға асығыңыз, құрметті жас түлек!



Нурдаулет БАҒЫТЖАН,
выпускник специальности «Юриспруденция»

ГОРЖУСЬ, УВАЖАЮ И БЛАГОДАРЮ

Для меня выбор университета, конкретный факультета экономики и права, а именно кафедры «Уголовно-правовые дисциплины, был не простой слу-



чайностью, а вполне обдуманном решением. Атырауский университет имени Х.Досмухамедова имеет славную 70-летнюю историю, а его преподаватели, несомненно, обладают высоким уровнем квалификации. Кроме того, лично для меня мой факультет дал самые важные качества для хорошего юриста – свободу действий, свободу мысли, свободу выражения мнений, что всегда подчеркивалось и поддерживалось преподавателями на протяжении всего периода обучения. Это бесценно для личности юриста, потому что только во взаимодействии классической подготовки и свободы самовыражения в его профессии в будущем получится хороший профессионал. Я хотел бы выразить благодарность преподавательскому составу за помощь в приобретении важных знаний и навыков. Их неоценимый вклад в развитие каждого студента заслуживает похвалы и благодарности. Дорогие мои преподаватели, я хотел бы от всего сердца поблагодарить вас за ваш тяжелый, но такой благородный труд, терпение и умение слушать. Ваш талант ладить со студентами и интересоваться их, просто восхищает. Спасибо вам за ваши знания и преданность делу. Я хотел бы сказать абитуриентам, которые находятся на этапе выбора учебного заведения, что вас ждут самые важные годы в вашей жизни. По прошествии этих лет вы выйдете сформировавшимся человеком, который начнет свой самостоятельный жизненный путь. Я желаю вам сделать правильный выбор и с большой пользой и удовольствием провести незабываемые студенческие годы.



Эльмира МАРАТОВА,
Есеп және аудит мамандығының түлегі

**ДҰРЫС ТАҢДАУ
ЖАСАҒАНЫМА СЕНІМДІМІН**

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ішінен Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетін таңдадым. Осы жоғары оқу орнына

түсудегі басты мақсатым – таңдаған мамандығымды жетік меңгеріп, Қазақстан экономикасының дамуына зор үлесімді қосу.

Біздерге құнды тәжірибесі мен сапалы білімдерін берген факультеттің ұлағаты профессор-оқытушылар құрамына алғысым шексіз. Сіздерге әрқашан бас иеміз, еңбектеріңіз бағаланып, биік белестерді бағындырып жүре беріңіздер.

Оқытушылардың бізге берген білімі болашақта тірек болмақ. Атырау университетін мықты білім ордасы деп білемін. Себебі, оқу ордасы білім нәрімен сусындатып қана қоймай, студентке жан-жақты болуды, өзінің жаңа қырларын таныстыруды үйретті. Студенттік жылдары білім алумен қатар, түрлі қатысқан ғылыми жобаларымның жоғары деңгейде өтіп, жетістікке жетуім ұстаздарымның берген білімі, тәжірибесі мен бағыт-бағдарының нәтижесі деп білемін.

Мектеп бітіруші талапкерлер, осы жоғары оқу орнында бәсекеге қабілетті маман болу үшін барлық білімді игеруге мол мүмкіндік бар, талап пен ынтық-сіздерден!



Айна АИЫПОВА,
География мамандығының түлегі

БОЛАШАҚҚА - НЫҚ ҚАДАММЕН

Университет қабырғасына келген күннен бастап белсенділер қатарына қосылдым. Көптеген ғылыми, мәдени шараларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, жоғары жетістіктерге жеттім. Әрине, жетістіктердің шыңында көрінуім – өзімнің талпынысымнан бөлек, университет қабырғасында еңбек етіп жүрген ұстаздарымның еңбегі деп білемін.

Сонымен бірге, білім мен өнерді қатар алып жүріп жетістікке жетуге үлкен мүмкіншілік жасаған Атырау

университеті басшылығына, яғни ректорымызға және барша ұстаздарға алғыс айтамын.

Білімді, білікті ұстаздардан білім алған біз болашақта мықты маман болып шығатынымызға сенемін. Мен дәл осы Атырау университетіне түскеніме, студенттік өмірімді қызықты да сәтті өткізгеніме қуанамын.

Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті – болашағымның бастауы.



Бегімана ҚАРАРОВА,
Экология мамандығының түлегі

БІЛІКТІ МАМАН БОЛАМЫН

Ел келешегіне қомақты үлес қосу үшін алғашқы қадам ретінде Х. Досмухамедов атындағы Атырау университетін таңдағаным шексіз ризамын. Болашақ эколог маман ретінде мамандығымның қыр-сырын толығымен меңгеруге түгелімен дерлік жағдай жасалған. Жоғары санатты ұстаздар студенттерді білім нәрімен сусындау жолында аянбай еңбек етіп, тиісінше ғылымға баулу әрекеттерін күшейтіп жүргізуде. Университет қабырғасында оқып жүріп, түрлі іс-шараларға қатысып, командалармен жұмыс жасау арқылы өзімнің басқа да қырларымды байқадым, көптеген достар таптым, бұл мен үшін үлкен жетістік. Жалпы университет ұжымына, өзім оқыған Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультетіне, Экология кафедрасының ұжымына алғысым зор. Соның ішінде біздің бар еркелігімізді көтерген, жақсы жерлерімізді асырып, қателіктерімізге көз жұма қарап әрқашан қолдау көрсеткен Анар Ерсайынқызы және экология саласының білікті маманы болуға бар күш жігерін жұмсап, өзгеге білгенін үйретуден шаршамаған Мансия Санақызына ерекше алғысымды білдіремін. Жанымдағы жақсыларға қарап бой түзей отыра, өз мамандығымның озаты болуға тырысамын. Болашағымыз жарқын болсын!



Erfan SHADKAM,
Graduate in the specialty
Foreign language: two
foreign languages

LIVE AND LEARN

“The strongest of all warriors are these two—time and patience” – Leo Tolstoy.

At last, a long-lasting wish of mine came true. I have successfully finished the Bachelor's degree which was kindly given by Kh.Dosmukhamedov Atyrau university.

I still remember when the very moment of me being in a foreign environment full of unknowns only with my hopes in my pockets, to be honest, it was the biggest leap in my life that I have ever taken and I am glad that I did.

First of all, I would like to personally thank the person who was responsible for me being here, Mrs. Aigerim Shilibekova. During her visit to our university in Iran, she had kindly offered a scholarship which was an unexpected and spectacular opportunity due to the fact that I was just their translator. As well as being a great help for adjusting myself to the new environment of this city. She is the reason that I am here with all I have achieved so far in these 4 years. I can never appreciate her humble kindness enough.

I would like to show my appreciation to those people who helped me along this journey of mine toward success. All teachers of Atyrau university, especially teachers of Foreign language teaching methods Department were fabulously kind to me. Despite the fact that I had a hard time with languages that were essential for my studies.

I had so many unique experiences through these 4 years such as being a translator, announcer for many important events in Atyrau university as well as achieving 3rd place in the English language Republican competition and many more.

This university and the people who helped me along the way provided me many opportunities which I am fully thankful for and I wish greatness and a fruitful future for them!

Меншік иесі: Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #689 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана